

**1-тапсырма.** Елді-мекендердің функционалды зоналары бойынша мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Елді-мекендердің маңызы қандай?
2. Функционалды зона дегеніміз не?
3. Селитебті зонаға не жатады?
4. Қала тұрғындарының демалыс зонасын атаңыз.
5. Нан зауыты, сүт зауыттары қай зонада орналасады?
6. Санитарлық-қорғаныс зоналарының қызметі қандай?

### **Елді-мекендердің функционалды зоналары**

**Елді-мекен** – адамдардың тұрақты қонысы. Ол үйлердің, кәсіпорындардың, әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың ғимараттар жиынтығынан тұрады және өзіне тән география атауы (топонимі) болады.

Елді мекендер қоршаған табиғи ортаның әсеріне және әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты қалыптасады. Елді мекен кеңістіктік орналасуы (тығыз, бытыраңқы), халық шаруашылық қызметі, мөлшері (тұрғындарының саны), әкімшілік мәртебесі және т.б. сипаттары бойынша әр түрлі болып келеді. Көп жағдайда елді-мекен мен ондағы құрылыстардың сәулеттік ерекшеліктеріне жергілікті ұлттың мәдениеті мен дәстүрі әсер етеді.

Қазақстанда елді-мекендер бұл сипаттары бойынша ауыл, кент, қала болып негізгі үш дәрежеге бөлінеді. Ауылдық елді-мекенге, сондай-ақ қыстақтар, балық, орман шаруашылықтарының орталықтары, т.б. жатады. Елді мекендер өзінің даму деңгейіне және әлеуметтік маңызының өзгеруіне сәйкес үкіметтің шешімі бойынша бір дәрежеден екінші дәрежеге көшіріліп отырады (мысалы, ауылдық елді-мекеннің кентке, кенттің қалаға немесе қаланың кентке, кенттің ауылға айналуы).

**Функционалды зона** – нақты шекара шегінде орналасқан, белгіленген функционалды қолданысқа және қолдану режиміне ие территория.

Функционалды пайдалануы бойынша қалалық аймақтар бөлінеді:

- ✓ Селитебті зона, онда тұрғын ықшам аудандар мен кварталдар, әкімшілік-қоғамдық және халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары орналасады.
- ✓ Өнеркәсіптік зоналар.
- ✓ Көліктік зоналар.
- ✓ Коммуналдық-қоймалық зоналар – олар сыртқы көліктік тораптармен ыңғайлы байланыста, ормандары жоқ, ық жақта (жел жақта) орналасады. Бұл зонаның маңайында жергілікті тамақ өнеркәсібі, мысалы, нан зауыты, сүт зауыты және т.б. орналасады.
- ✓ Рекреациялық зоналар – қала тұрғындарының жаппай демалыстың әр түрлі формаларын өткізу үшін арналған қала территориялары.
- ✓ Санитарлық-қорғаныс зоналары. Олар өнеркәсіптік кәсіпорындарды және көліктік құрылыстарды тұрғын территориялардан бөліп тұрады. Селитебті, өнеркәсіптік, көліктік, қоймалық зоналар мен санитарлық-қорғаныс зоналары қаланың құрылыс территориясын құрайды.

**Дерек көзі:**

1. [http://referatwork.ru/category/obrazovanie/view/235868\\_что\\_такое\\_функционал\\_ные\\_зоны](http://referatwork.ru/category/obrazovanie/view/235868_что_такое_функционал_ные_зоны)
2. Что такое функциональные зоны?  
[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%95%D0%BB%D0%B4%D1%96\\_%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D0%BD](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%95%D0%BB%D0%B4%D1%96_%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D0%BD)  
Елді мекен